

Шет ауданы бойынша мүгедектер үшін және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы N 13/01 қаулысы. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 19 маусымда N 8-17-135 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы N 21/03 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы N 21/03 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2), 5-5) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына сәйкес, Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шет ауданы бойынша жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін және бір пайызы мөлшерінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Ж. Қауымбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Шет ауданы әкімінің
міндетін атқарушы

Б. Төлеуқұлов